



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 16 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 17 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 25 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;

Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 3 ақпан**

*2013 жылдың қорытындылары
Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

1. 2013 жылғы инфляция. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылы инфляция жылдық көрсетуде 4,8% (2012 жылы – 6,0%) құрады.

2013 жылы инфляцияның қалыптасуы ақылы қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы аясында болды, оның бағасы осы кезеңде 8,0%-ға (2012 жылы 9,3%-ға) өсті. Азық-түлік тауарлары 3,3%-ға (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,3%-ға (3,5%-ға) қымбаттады (1-график).


2013 жылы азық-түлік тауарларының ішінде көбіне жұмыртқа 22,0%-ға, макарон өнімдері 6,1%-ға, балық және теңіз өнімдері 5,5%-ға, күріш 5,1%-ға, сүт өнімдері 4,8%-ға, алкогольсіз сусындар 4,1%-ға, кондитер өнімдері 3,1%-ға, ет және ет өнімдері 2,4%-ға қымбаттады. Бұдан басқа темекі өнімдерінің бағасы айтарлықтай 23,3%-ға өсті. Қант бағасының 2,6%-ға, жемістер мен көкөністердің 0,2%-ға, жарманың 6,5%-ға, оның ішінде қарақұмықтың 16,0%-ға төмендеуі байқалды. Алайда ұнтақ жармасы 20,9%-ға, арпа жармасы 10,2%-ға, сұлы жармасы 9,5%-ға қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында 2013 жылы киім мен аяқ киімнің бағасы 4,2%-ға, оның ішінде мата 4,1%-ға, сырт киім 4,2%-ға, аяқ киім 3,9%-ға, сондай-ақ тұрмыстық заттар 3,5%-ға, оның ішінде жуатын және тазартатын құралдар 3,4%-ға, ыдыс және асхана құралдары 3,8%-ға, жиһаз бен кілем өнімдері 2,5%-ға, дәрі-дәрмек 3,4%-ға өсті. Бензиннің құны 1,6%-ға, дизель отыны 5,7%-ға көтерілді.

Ақылы қызметтер құрылымында 2013 жылдың басынан бері тұрғын үй-коммуналдық сала қызметтерінің ақысы 8,6%-ға қымбаттады. Бұл ретте суық судың ақысы 46,2%-ға, кәріз 43,6%-ға, қоқыс жинау 15,2%-ға, тұрғын үйді жалдау 14,6%-ға, электр энергиясы 7,3%-ға, орталықтан жылыту 4,3%-ға өсті. Сонымен қатар байланыс қызметінің бағасы 4,1%-ға өсті (телефон және факсимильдік байланыс қызметінің 4,3%-ға қымбаттауы есебінен), көлік қызметі 5,8%-ға, оның ішінде темір жол көлігі 11,7%-ға, әуе көлігі 5,9%-ға, автомобиль көлігі 4,1%-ға өсті. Медициналық қызметтер 12,2%-ға, білім беру қызметтері 5,6%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер 5,7%-ға қымбаттады.

1-график

2012 және 2013 жылдардағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2013 жылғы желтоқсандағы инфляция. 2013 жылғы желтоқсанда инфляция 0,7% деңгейінде (2012 жылғы желтоқсанда 0,6%) қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,8%-ға (0,8%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,7%-ға (0,3%-ға) өсті. Ақылы қызметтер тарифтері 0,5%-ға (0,6%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы желтоқсанда көп дәрежеде жұмыртқа 3,7%-ға, жемістер мен көкөністер 2,0%-ға, оның ішінде картоп 3,2%-ға, қызылша 2,6%-ға, балық және теңіз өнімдері 1,3%-ға, сүт өнімдері 1,1%-ға, макарон өнімдері 0,5%-ға, ет және ет өнімдері 0,4%-ға қымбаттады. Бұдан басқа темекі өнімдерінің бағасы 2,5%-ға өсті. Қант бағасының 1,1%-ға, күріштің 0,7%-ға, жарманың 0,6%-ға, оның ішінде қарақұмық жармасының 2,2%-ға, ұнның 0,2%-ға төмендеуі тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сырт киімнің бағасы 1,1%-ға, аяқ киім 1,1%-ға, тұрмыстық заттар 0,5%-ға, дәрі-дәрмек 0,6%-ға көтерілді. Бензиннің құны өзгеріссіз қалды, дизель отынының құны 0,1%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық сала қызметінің ақысы 0,6%-ға өсті. Бұл ретте кәріздің тарифі 3,1%-ға, суық су 3,0%-ға, тұрғын үйді жалдау 1,1%-ға, тұрғын үйді ұстау 0,9%-ға, қоқысты шығару 0,5%-ға өсті. Бұдан басқа өткен айда көлік қызметінің бағасы 0,5%-ға, медициналық қызметтер 0,4%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлердің қызметтері 0,4%-ға көтерілді.

2. 2013 жылғы төлем балансы (алдын ала нәтижелер)

Төлем балансын алдын ала бағалау бойынша ағымдағы шот профициті 2012 жылғы 640 млн. АҚШ долл. қарағанда 2013 жылы 118 млн. АҚШ долл. құрады.

Ағымдағы шоттың нашарлауы сауда балансы профицитінің қысқаруы есебінен орын алып отыр. Сауда балансының профициті 2012 жылмен салыстырғанда 10,6%-ға 33,8 млрд. АҚШ долл. дейін (2012 жылы 37,9 млрд. АҚШ долл.) қысқарды, ал бастапқы кірістермен (еңбекақы төлеу, инвестициялық және өзге де бастапқы кірістер) операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі 2012 жылғы 28,2 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 25,1 млрд. АҚШ долл. бағаланып отыр.

Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша халықаралық қызметтер мен қайталама кірістердің (ағымдағы трансферт) теріс дисбаланстары тиісінше 7,0 млрд. АҚШ долл. және 1,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

Алдын ала бағалау бойынша қаржы шоты (резервтік активтерді қоспағанда) 3,4 млрд. АҚШ долл. болатын тапшылықпен (2012 жылы оң сальдо 0,9 млрд. АҚШ долл.) қалыптасты.

Тікелей шетелдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 9,6 млрд. АҚШ долл., ал қаржы активтерін таза иелену 1,5 млрд. АҚШ долл. болды. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша теріс дисбаланс 2012 жылғы 11,7 млрд. АҚШ долларынан 2013 жылы 8,1 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді.

Портфельдік инвестициялар бойынша оң сальдо портфельдік инвестициялар бойынша активтердің олар бойынша міндеттемелерден асып кету салдарынан 5,9 млрд. АҚШ долл. құрады. Портфельдік инвестициялар бойынша 8,6 млрд. АҚШ долл. болған активтерді таза иелену (ұлғаю) ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінің 7,7 млрд. АҚШ долл. өсуімен қамтамасыз етілді. Портфельдік инвестициялар бойынша 2,6 млрд. АҚШ долл. болған міндеттемелерді таза қабылдау (өсім) қазақстандық банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының жалпы сомасы 4,9 млрд. АҚШ долл. құраған борыштық бағалы қағаздарды жаңадан шығаруымен байланысты болды, олар бұрын шығарылған ұзақ мерзімді облигациялардың өтелуімен ішінара нивелирленді.

3. 2013 жылғы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2013 жылы Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 12,7%-ға 24,7 млрд. АҚШ долл. дейін азайды. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 13,0%-ға төмендеп, 24,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Үкіметтің Ұлттық Банктегі шотына валютаның түсуі, банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатуымен, Ұлттық қордың активтерін алтынвалюта резервтерінің шоттарынан толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету жөніндегі операциялармен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюталық активтер (ЕАВ) 2013 жылы 13,9%-ға азайып, алтындағы активтер жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтардағы бағасының төмендеуі салдарынан 9,7%-ға төмендеді.

2013 жылы елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (алдын ала деректер бойынша 70,5 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда, 10,5%-ға ұлғайып, 95,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ақша базасы 2013 жылы 2,3%-ға тарылып, 2 822,4 млрд. теңгені құрады. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін қоспағандағы ақша базасы 1,6%-ға 2 786,4 млрд. теңгеге дейін тарылды.

2013 жылы ақша массасы 10,2%-ға, 11 600,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 1,0%-ға төмендеп, 1 512,3 млрд. теңгені құрады. Банк жүйесіндегі депозиттер 12,2%-ға 10 088,6 млрд. теңгеге дейін өсті. Ақша массасының құрылымында депозиттердің үлесі 2013 жылғы

қаңтар-желтоқсанда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің төмендеуі аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы желтоқсанда 87,0%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ақша базасының тарылуы аясында ақша массасының өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-тен 2013 жылғы желтоқсанның қорытындылары бойынша 4,11-ге дейін өсті.

2013 жылғы желтоқсандағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2013 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 24,7 млрд. АҚШ долл. дейін 2,4%-ға ұлғайды. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,5%-ға өсіп, 24,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Ішкі валюта нарығында валютаны сатып алу және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шотына валютаның түсуі Ұлттық қордың активтерін алтынвалюта резервтерінің шоттарынан толықтырумен, банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсетумен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсанда таза валюта қорлары (ЕАВ) 3,8%-ға ұлғайды, алтындағы активтер оның әлемдік нарықтарда бағасының төмендеуі кезінде жүргізілген операциялар салдарынан 1,9%-ға төмендеді.

2013 жылғы желтоқсанда елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 70,5 млрд. АҚШ долл.) 95,2 млрд. АҚШ долларына дейін 1,5%-ға ұлғайды.

2013 жылғы желтоқсанда ақша базасы 8,2%-ға кеңейіп, 2822,4 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2786,4 млрд. теңгеге дейін 8,0%-ға кеңейді.

2013 жылғы желтоқсанда ақша массасы 11 600,9 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға өсті, айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1512,3 млрд. теңгеге дейін 7,7%-ға өсті, банк жүйесіндегі депозиттер 10 088,6 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға өсті. Ақша массасының құрылымында 2013 жылғы желтоқсанда белгіленген депозиттер көлемінің өсу қарқындарымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің өсу қарқындарының нәтижесінде депозиттердің үлесі 2013 жылғы қарашадағы 87,6%-дан 2013 жылғы желтоқсанда 87,0%-ға дейін төмендеді.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы желтоқсанда тіркелген ақша массасының өсу қарқындарымен салыстырғанда, ақша базасының барынша қалыпты кеңеюі салдарынан 2013 жылғы қарашадағы 4,35-тен 2013 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 4,11-ге дейін төмендеді.

4. 2013 жылғы валюта нарығы. 2013 жылы теңгенің айырбастау бағамы АҚШ долларына қатысты номиналдық көрсетуде 2,2%-ға әлсіреді.

2013 жылдың аяғында теңгенің ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін 153,61 теңге болды. 2013 жылдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 154,06 теңге құрады.

2013 жылы қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 3,8%-ға ұлғая отырып, 57,5 млрд. АҚШ долл. болды. Операциялардың ең аз көлемі наурызда, ең көбі тамызда орын алды.

Биржадан тыс валюта нарығында 2013 жылғы операциялардың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 17,8%-ға төмендеп, 22,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Операциялардың ең аз көлемі 2013 жылғы наурызда, ең көбі тамызда орын алды.

Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға азайып, 79,6 млрд. АҚШ долл. болды.

2014 жылғы қаңтардағы валюта нарығы. 2014 жылғы қаңтарда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы бір АҚШ доллары үшін 154,06-155,54 теңге ауқымында өзгерді. Айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір айда 0,9%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 155,5 теңге құрады.

2013 жылғы қаңтарда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі алдын ала қорытындылар бойынша 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 12,1%-ға өсіп, 7,0 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі алдын ала қорытындылар бойынша 20,3%-ға 1,8 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеді.

Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі алдын ала қорытындылар бойынша 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 3,5%-ға ұлғайып, 8,9 млрд. АҚШ долл. болды.

5. 2013 жылғы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы. 2013 жылы Қаржы министрлігі 982,5 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 7,9%-ға аз. Бұл ретте 68 аукцион өткізілді, онда 12 айлық МЕККАМ (кірістілігі – 3,00%), 3 жылдық МЕОКАМ (кірістілігі – 3,23%), 4 жылдық МЕОКАМ (кірістілігі – 4,04%), 5 жылдық МЕОКАМ (кірістілігі – 5,99%), 6 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,05%), 7 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,20%), 8 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 5,80%), 9 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,00%), 10 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,60%), 12 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,40%), 13 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 6,70%), 15 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 7,22%), 20 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 7,70%), 25 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – 7,90%), 8, 9, 10, 11, 12, 13, 19 жылдық МЕУЖКАМ (кірістілігі – инфляция деңгейінен 0,01%), 15 жылдық МЕУЖКАМ (кірістілігі – инфляция деңгейінен 0,10%) орналастырылды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 18,5%-ға ұлғая отырып, 2013 жылғы желтоқсанның аяғында 3618,9 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2013 жылы Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 79,3 млрд. теңге құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 10,8 есе аз.

2013 жылғы желтоқсанның аяғында 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда Ұлттық Банктің айналыстағы ноттарының көлемі 52 есе, 3,6 млрд. теңгеге дейін азайды.

Қысқа мерзімді ноттар бойынша тиімді кірістілік 2012 жылғы 1,46%-дан 2013 жылғы 1,16%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы қаңтардағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы. 2014 жылғы қаңтарда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 3 аукцион өткізілді. Онда 9 жылдық МЕУКАМ (38,4 млрд. теңге), 13 жылдық МЕУКАМ (5,2 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (9,7 млрд. теңге), 11 жылдық МЕУЖКАМ (14,0 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 9 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,20%, 13 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,70%, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,22%, 11 жылдық МЕУЖКАМ бойынша инфляция деңгейінен 0,10% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 1,1%-ға ұлғая отырып, 2013 жылғы қаңтардың аяғында 3659,2 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

2014 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің ноттарын шығару көлемі 8,9 млрд. теңге болды. Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (5,0 млрд. теңге) және 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (3,9 млрд. теңге) болды.

3 айлық ноттар бойынша тиімді кірістілік 2,16%, 6 айлық ноттар бойынша 2,76% болды.

2014 жылғы қаңтардың аяғында айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,5 есе ұлғайып, 8,9 млрд. теңге болды.

6. 2013 жылғы банкаралық ақша нарығы. 2013 жылы орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 25,4%-ға ұлғайып, баламасында 25,5 трлн. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 38,3%-ға төмендеп, 3,2 трлн. теңге (2013 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 12,7%-ы) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы желтоқсандағы 1,23%-дан 2013 жылғы желтоқсандағы 1,90%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 41,4 %-ға азайып, 2,9 трлн. теңгені құрады.

2013 жылы доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 48,0%-ға ұлғайып, 138,3 млрд. АҚШ долл. (2013 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 82,6%-ы) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы желтоқсанда 0,08% болды, ал 2012 жылғы желтоқсанда ол 0,13 %-ға тең болды.

2013 жылы еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 58,3%-ға азайып, 1,3 млрд. еуро (2013 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,1%-ы) болды. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы

желтоқсандағы 2,83%-дан 2013 жылғы желтоқсандағы 0,22%-ға дейін төмендеді.

2013 жылы рубльмен орналастырылған депозиттердің көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 83,2%-ға өсіп, 194,9 млрд. рубль (2013 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 3,7%-ы) болды. Рубльмен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы желтоқсандағы 5,47%-дан 2013 жылғы желтоқсандағы 5,80%-ға дейін ұлғайды.

7. 2013 жылғы депозит нарығы. Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің көлемі 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 10 088,6 млрд. теңгеге дейін 12,2%-ға өсті. Заңды тұлғалардың депозиттері 6183,5 млрд. теңгеге дейін 10,0%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 3905,1 млрд. теңгеге дейін 15,8%-ға өсті.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6317,0 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 3771,6 млрд. теңгеге дейін 40,6%-ға өсті. Теңгемен берілген депозиттердің үлес салмағы 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда 70,2%-дан 62,6%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 3945,5 млрд. теңгеге дейін 15,7%-ға өсті. Халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 2208,1 млрд. теңгеге дейін 6,5%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 1737,4 млрд. теңгеге дейін 30,0%-ға өсті. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 2012 жылғы желтоқсандағы 60,8%-дан 2013 жылғы желтоқсандағы 56,0%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,7% (2012 жылғы желтоқсанда – 3,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,1% (8,3%) болды.

8. 2013 жылғы кредит нарығы. Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 11291,5 млрд. теңгені құрап, 13,4%-ға өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7936,7 млрд. теңгеге дейін 12,7%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы кредиттердің көлемі 3354,9 млрд. теңгеге дейін 15,0%-ға өсті. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда 70,7%-дан 70,3%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 9161,4 млрд. теңгеге дейін 14,5%-ға өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 2130,2 млрд. теңгеге дейін 8,9%-ға өсті. Нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсанда ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 80,4%-дан 81,1%-ға дейін ұлғайды.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 7,9%-ға өсіп, 7665,4 млрд. теңге болды, жеке тұлғаларға кредиттер 3626,4 млрд. теңгеге дейін 27,0%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 28,7%-дан 32,1%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 1283,4 млрд. теңгеге дейін 9,1%-ға төмендеді, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 11,4%-ын құрайды (2012 жылғы желтоқсанда – 14,2%).

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы саудаға – 19,5% (2012 жылғы желтоқсанда – 20,1%), құрылысқа – 12,3% (14,0%), өнеркәсіпке – 11,4% (12,0%), ауыл шаруашылығына – 3,3% (3,2%) тиесілі.

2013 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,0% (2012 жылғы желтоқсанда – 10,3%), жеке тұлғаларға – 20,3% (21,2%) болды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 3 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 4 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметі туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауға әрқашан да баса көңіл бөлді.

2001 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаментінің құрылымында Қаржылық қызметтерді қадағалау басқармасы құрылған болатын. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымында Қаржылық қадағалау департаментінің құрылуымен бұл Басқарма Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы ретінде оның құрамына кірді.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) қызметінің басталуы еліміздің қаржы секторын дамытудағы маңызды фактор болды, оған қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндет те заңнамалық тұрғыдан бекітіліп берді. Бұл міндетті орындаумен Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (бұдан әрі – Департамент) болып кейіннен қайта құрылған Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы айналысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 25 Жарлығымен Агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілді, ал 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 61 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті құрылды, оның құрамында Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті өз қызметін жалғастырды.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қолданыстағы жүйесін күшейту, құқықтарын қорғау жөніндегі жаңа алдын алу шараларын ендіру, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығымен 2013 жылғы 1 наурызда Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылды, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомствосы болып табылады.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру Комитеттің міндеттері болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады: 1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және құқықтық көмек көрсету; 2) қаржылық қызметтерді көрсету, қаржылық қызметтер туралы ақпаратты жария ету кезінде қаржы ұйымдарының белгіленген талаптарды сақтау қызметін бақылау және тексеру; 3) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзушылықтарды анықтау және қаржы ұйымдарына ықпал ету шаралары мен санкциялар қолдану; 4) қаржылық қызметтердің және олар туралы таратылатын ақпараттың сапасын қадағалау; 5) қаржылық қызметтер және қаржылық қызметтер туралы ақпаратты тарату стандарттарын әзірлеу; 6) Ұлттық Банктің келісімін талап ететін қаржы өнімдерінің тізбесін (түрлерін) айқындау; 7) қаржы өнімдерінің талаптарын алдын ала талдау, оларды қаржылық қызметтерді тұтынушыларға ұсыну үшін келісім беру; 8) қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру.

Республиканың барлық аумағында қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың кешенді және бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылғы наурыздан бастап Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарында қаржы ұйымдарын бақылау және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімдері құрылды, олар қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және аймақтарда қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын

арттыру жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Комитет құрылған күннен бастап қаржы ұйымдары қызметінің әр түрлі мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан 6 023 өтініш келіп түсті.

2013 жылы келіп түскен өтініштерді секторлар бойынша салыстырмалы талдау төмендегіні көрсетті.

Өтініштердің негізгі бөлігі (жалпы санның 86,92%-ы) екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша келіп түседі.

Бұл ретте мыналар осы сектордағы өзекті мәселелер болып табылады:

- ұсынылатын өнімдердің агрессивті жарнамасы;
- ұсынылатын қызметтің талаптары туралы ақпаратты жеткілікті түрде бермеу;
- қарызды беру кезінде қарыз алушының төлем қабілеттілігін барабар бағалаудың болмауы;
- қабылдануы қиын банктік қарыз шарттарын жасау;
- қаржы ұйымдарының алдын ала тең емес позицияда тұрған тұтынушыға қатысты шарттық өкілеттіктерінің теңгерімсіздігі;
- қарызды алуға және қызмет көрсетуге байланысты комиссиялардың шектеусіз тізбесі;
- банктердің мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша уақтылы шаралар қабылдамауы;
- банк шоттарындағы ақшаны өндіріп алуға өтініш жасау және олардан сомаларды 100% мөлшерде есептен шығару;
- төлем қабілеттілігі жоқ қарыз алушылардың қарыздары бойынша негізгі борышты, сыйақыны немесе өсімпұлды есептен шығару.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша жалпы санынан 3,64% келіп түсті. Сақтандыру секторында мыналар өзекті мәселелер болып табылады:

- сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақтылы емес не толық емес көлемде жүзеге асыру;
- сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту;
- аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру төлемдері бойынша міндеттемелерді орындамау;
- сақтандыру сомалары мен сыйлықақыларын есептеудің дұрыстығын тексеру.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері бойынша жалпы санынан 1,19% келіп түсті. Өзекті мәселелер салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жинақтарын олармен тиісті шарттар жасамай-ақ заңсыз түрде аудару, үшінші тұлғалардың алаяқтық іс-әрекеттері нәтижесінде зейнетақы жинақтарын төлеу, сондай-ақ инвестициялық кірісті төмендету болып табылады.

Өтініштердің жалпы санының 0,79%-ы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметі бойынша келіп түсті. Шарттарды жасау, орындау және тоқтату тәртібін бұзу, дивидендтерді төлемеу және оның мөлшеріне келіспеу, қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын, оның ішінде акционерлік қоғамдардың қызметі туралы ақпарат алу осы сектордағы өзекті мәселелер болып табылады.

Сот органдарының ұйғарымдарын орындау мақсатында, анықталған бұзушылықтар бойынша 2013 жылы 82 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды, оның ішінде банктерге – 52, сақтандыру ұйымдарына – 26, бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне – 3, жинақтаушы зейнетақы қорларына – 1.

Өз қызметі барысында Комитет өзара тиімді шешімдер қабылдау үшін проблемалық қарыз алушылардың екінші деңгейдегі банктермен кездесулерін тұрақты түрде ұйымдастырады және оған қатысады. 2013 жылы 210 кездесу ұйымдастырылды. Апта сайын (әрбір сейсенбіде) азаматтарды қабылдау жүргізіледі. 2013 жылы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзу бөлігінде қаржы ұйымдарының қызметі бойынша талап арыздарға қатысты жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін 120 қабылдау ұйымдастырылды.

Ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу мақсатында қоғамдық бірлестіктермен тікелей байланыс жасалды. 2013 жылы ішінде «Халыққа баспананы қалдырайық», «Халықтың баспанасын қорғайық», «Халықты баспанамен қамтамасыз етіңдер», «Кәусар-Бұлақ» әлеуметтік жәрдем орталығы», «Лайықты баспана үшін», «Жалғыз Баспана» деген қоғамдық бірлестіктер мүшелерімен бірнеше рет кездесу мен дөңгелек үстелдер өткізілді, оның нәтижелері бойынша банк заңнамасының нормалары бойынша түсініктеме және қарыз алушылардың бұдан кейінгі әрекеттері бойынша ұсынымдар берілді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және күшейту мақсатында 2014 жылы Қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу жоспарланып отыр, оған кез келген тұтынушы

консультацияларды және қаржылық қызмет саласындағы қолданыстағы заңнаманың нормаларына түсіндірме алу үшін өтініш бере алады.

Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-ның базасында банк омбудсманының, Комитеттің және «Халыққа баспананы қалдырайық», «Өз үйімізді қорғайық» атты қоғамдық бірлестіктер басшыларының қатысуымен екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ипотекалық қарыз алушыларының проблемаларын шешу бойынша жұмыс комиссиясын құру жоспарланып отыр.

Ұлттық Банк 2014 жылы Қазақстан Республикасының қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға және қаржылық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған заңнамасының нормаларын жетілдіру бойынша жұмысты, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шараларды жалғастыруды жоспарлап отыр.

ҚР Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында 2014 жылғы қаңтарда Комитеттің парағы ашылды (<http://www.nationalbank.kz/kzppfu/>), онда қаржылық қызметтерді тұтынушылар үшін егжей-тегжейлі ақпарат орналастырылған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 7 ақпан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары (бұдан әрі – тиісінше қаулы және стандарттар) бекітілді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Стандарттар «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді. Қаулыны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды. Қаулының нақты мақсаты стандарттарды бекіту болып табылады.

Қаулыны қабылдаудың болжамды тиімділігі – әрбір мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша стандарттарды бекіту жолымен Ұлттық Банктің қандай да болмасын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алуға байланысты рәсімдерді көрсетілетін қызметті алушыларға жеңілдетуді білдіреді, себебі стандарттар Ұлттық Банктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша барлық қажетті ақпаратты қамтиды (әрбір көрсетілетін қызмет бойынша құжаттардың және оларға қойылатын талаптардың бірыңғай тізбесі, қызмет көрсетудің мерзімдері, қызмет көрсетудің нәтижелері, қызмет көрсетуден бас тарту негіздері, Ұлттық Банк қызметкерлерінің әрекеттеріне/әрекетсіздіктеріне шағымдану тәртібі).

Стандарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz интернет-ресурсында «Ұлттық Банктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары» шағын бөлімінде орналастырылған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 5 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 11 ақпан

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету Ұлттық Банктің негізгі мақсаты болып табылады.

Айырбастау бағамының ел экономикасы үшін маңыздылығын ескере отырып, соңғы жылдары Ұлттық Банктің валюталық саясаты оның деңгейін бір АҚШ доллары үшін 145-155 теңге шегінде сақтауға бағытталды.

Бұл экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2013 жылы Қазақстанның ІЖӨ нақты көрсетуде 6%-ға -өсіп, инфляция өзінің тарихи тұрғыда ең төмен көрсеткішіне 4,8%-ға жетті.

Бұған қоса Қазақстан экономикасының ғаламдық экономикамен тығыз байланысты екенін ескерген жөн, Ұлттық Банк әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы жағдайды ескермеуі мүмкін емес.

Біріншіден, жетекші дамушы елдердегі, атап айтқанда БРҰҚС елдеріндегі жағдай. АҚШ-тағы сандық жұмсарудың қысқаруы нәтижесінде капитал дамушы елдерден дамыған елдерге әкетілуде, бұл осы елдердің валютасына қысым жасаудың өсуіне апарды. Әлемдік экономиканың одан әрі дамуындағы белгісіздік аясында әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы құбылмалылық күшейді.

Екіншіден, Ресей рублінің айырбастау бағамына қатысты белгісіздік орын алып отыр. РФ Орталық банкінің Ресей рублінің айырбастау бағамын еркін айналымға жіберуінен соң 2013 жылы ол АҚШ долларына қатысты 7,1%-ға әлсіреді. Ағымдағы жылдың қаңтар айында Ресей рублінің айырбастау бағамының әлсіреу үрдісі жалғасты.

Үшіншіден, бұл ҚР төлем балансының жағдайы. Ағымдағы операциялардың шоты оң болуына қарамастан, импорттың өсуі, көп дәрежеде тұтыну тауарларының импорты есебінен өсуде.

Төртіншіден, Қазақстан экономикасындағы жоғары девальвациялық күтулер және осыған орай алыпсатарлық операциялардың күшеюі. Алыпсатарлық дүрбелеңге қарсы іс-қимыл мен айырбастау бағамының артық құбылмалылығын болдырмау үшін Ұлттық Банк валюта нарығына тұрақты түрде қатысуға мәжбүр.

Бесіншіден, ортамерзімді болашақта инфляцияны 3-4%-ға дейін төмендетуге негізгі алғышарттар жасау үшін Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеуге өтуді жоспарлап отыр, бұл айырбастау бағамын қатаң реттеуден бас тартуды болжайды.

Теңгенің айырбастау бағамының сыртқы бәсекеге қабілеттілігін, ҚР экономикасының сыртқы сауда балансын қалпына келтіру және отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қолдау қажеттілігі Ұлттық Банктің валюталық саясатына өзгерістер енгізуді талап етеді.

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІ 2014 ЖЫЛҒЫ 11 АҚПАННАН БАСТАП ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫН БҰРЫНҒЫ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҰСТАП ТҰРУДАН БАС ТАРТУ, ВАЛЮТАЛЫҚ ИНТЕРВЕНЦИЯЛАРДЫҢ КӨЛЕМІН АЗАЙТУ ЖӘНЕ ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ АРАЛАСУДЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

Ұлттық Банк айырбастау бағамының жаңа деңгейі 1 АҚШ доллары үшін 185 теңгеге жуық болады деп болжайды.

Ұлттық Банк бұған дейін де мәлімдегендей, теңгенің айырбастау бағамының ұзақмерзімді үрдісі іргелі ішкі және сыртқы макроэкономикалық факторлардың негізінде айқындалатын болады.

Сонымен бірге, бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жүргізілетін валюталық интервенциялардан толығымен бас тартуды білдірмейді.

Қаржы нарығының және тұтастай алғанда экономиканың тұрақсыздануын болдырмау үшін Ұлттық Банк АҚШ долларына қатысты теңге бағамының 1 АҚШ доллары үшін 185 теңге жаңа деңгейден плюс/минус 3 теңге ауытқу дәлізін белгілейді және айырбастау бағамының күрт өзгерістерін және қысқамерзімді құбылмалылығын икемдеу саясатын жалғастырады. Ал теңгенің айырбастау бағамындағы ұзақмерзімді үрдіс макроэкономикалық алғышарттарға сәйкес қалыптасады.

Ұлттық Банк алыпсатарлық девальвациялық күтулердің әлеуеті жария етілген бағдарға қол жеткізген кезде сарқылады деп есептейді.

Бұдан кейін айырбастау бағамындағы өзгерістердің әлсіреуі, сол сияқты нығаюы да мүмкін, бұл әлемдік экономикадағы ахуалға байланысты айқындалады.

Ұлттық Банк қазіргі валюталық операциялар режиміне қандай да болмасын шектеулер енгізуді көздемейді. 2014 жылғы 11 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шегін енгізеді:

- АҚШ доллары бойынша – 2 теңге;
- еуро бойынша – 3 теңге.

Ұлттық Банк төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ұлттық Банк банктерге бекітілген құралдардың кепілімен қажетті қысқамерзімді өтімділікті беруін жалғастырады.

Айырбастау пункттері банктер, сол сияқты Ұлттық Банктің тарапынан да жеткілікті көлемдегі қолма-қол шетел валютасымен қамтамасыз етіледі. Екінші деңгейдегі банктердің аймақтардағы филиалдарында қолма-қол шетел валютасының айтарлықтай көлемі бар.

Айырбастау бағамын түзету нәтижесінде отандық тауарлар және Қазақстан Республикасы экономикасының экспорт және импорт алмастыру салаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін бәсекеге қабілетті жағдайлар жақсарады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 6 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 13 ақпан

*Қолма-қол шетел валютасы нарығындағы
ахуалдың мониторингі туралы*

Айырбастау пункттерінің үздіксіз жұмыс істеуін және олардың халықпен жүргізілетін операцияларда алыпсатарлығына жол бермеу мақсатында ҚР Ұлттық Банкі және оның аумақтық филиалдары қолма-қол шетел валютасының ішкі нарығындағы ахуалдың мониторингін тұрақты түрде жүзеге асырып отыр.

2014 жылғы 13 ақпанда ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетов Қазақстанның өңірлері бойынша жүргізілетін мониторингтің барысы мен нәтижелері бойынша ҚР Ұлттық Банкі аумақтық филиалдары директорларының қатысуымен селекторлық кеңес өткізді.

2014 жылғы 13 ақпандағы сағат 11:00-дегі жағдай бойынша айырбастау пункттерінің негізгі айналымын қамтамасыз ететін валюталар – АҚШ доллары мен еуро бағамдарының ахуалы негізінен қалпына келді. Теңгеге АҚШ долларын сатып алу және сату бағамдарын айырбастау пункттері ҚР Ұлттық Банкі ішкі валюта нарығындағы операциялар үшін мәлімдеген дәліз шегінде белгілеуде. Бүкіл өңірлердің айырбастау пункттерінде АҚШ доллары бойынша сатып алу бағамы мен сату бағамы арасындағы айырма 2 теңгеден, ал еуро бойынша 3 теңгеден аспайды.

ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарында «жедел желілер» ашылды, онда азаматтар айырбастау пункттері жұмысының бұзылуы анықталған кезде өтініш білдіре алады. Жеке тұлғаның айырбастау пункттері жұмысы бойынша шағымының болуы жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады, ҚР Ұлттық Банкінің тиісті аумақтық филиалына жіберілген шағымның нысаны міндетті түрде әрбір айырбастау пунктінде болады.

Кеңесте АҚШ долларын және еуроны сатудың айырбастау пункттері 2014 жылғы 13 ақпанда таңертеңгі сағат 10-ға белгілеген ең жоғары бағамдары бойынша мониторингтің нәтижелері аймақтар бойынша ұсынылды. Республика бойынша АҚШ долларын теңгеге сатудың ең жоғары бағамы Павлодар облысында (187 KZT/USD), еуро бойынша Шығыс Қазақстан облысында (260 KZT/EUR) тіркелді.

ҚР Ұлттық Банкі Қазақстанның өңірлері бойынша қолма-қол шетел валютасы нарығындағы ахуалды қадағалауды жалғастырады. Мониторинг нәтижелері бойынша жедел ақпарат ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінде беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 7 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 13 ақпан

Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан белгіленген ауытқу шектерін бұзу жөніндегі ҚР Ұлттық Банкінің шаралары мен санкциялары туралы

Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері жүргізетін, қолма-қол шетел валютасымен операциялар бойынша алыпсатарлықты болдырмау мақсатында ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» 2014 жылғы 11 ақпандағы № 18 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы) қабылданды.

ҚР Ұлттық Банкі Қаулыны жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер шеңберінде сақтауда. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңы 62-бабының 3-тармағына сәйкес жоспардан тыс тексеруге мына жағдайлар негіз болып табылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген сұрау салулары келіп түсуіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттың келіп түсуі;

2) ҚР Ұлттық Банкінің және (немесе) оның ведомствосының бақылау мен қадағалау функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылғанын және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғанын анықтауы;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнуі;

4) алдыңғы тексеру анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың жойылуын бақылау.

Қаулыны сақтамау фактілері анықталған кезде ҚР Ұлттық Банкі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексі 188-бабының 3-бөлігі бойынша белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Сонымен қатар, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы ҚР Заңдарына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі лицензиаттардың Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзушылықтарын анықтаған кезде барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға не лицензиядан айыруға құқылы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 8 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 14 ақпан**

*Қазақстанның аймақтары бойынша
АҚШ доллары және еуроны теңгеге сатудың
ең жоғары бағамдарын жедел бақылаудың нәтижелері*

2014 жылғы 14 ақпандағы сағат 11:00 жағдай бойынша

№	Облыс	USD долларын сатудың ең жоғары бағамы		EUR сатудың ең жоғары бағамы	
		Уәкілетті банктер	Уәкілетті ұйымдар	Уәкілетті банктер	Уәкілетті ұйымдар
1	Астана қ.	186,40	185,70	254,50	254,60
2	Алматы қ.	185,55	185,50	254,50	254,00
3	Ақмола облысы	185,60	185,50	254,50	254,00
4	Ақтөбе облысы	185,60	185,00	254,50	253,50
5	Алматы облысы	185,60	185,00	254,50	254,00
6	Атырау облысы	185,60	185,50	254,50	255,00
7	Шығыс Қазақстан облысы	186,00	186,00	254,50	254,50
8	Жамбыл облысы	185,60	185,50	254,50	254,00
4) тұрақсыз	Банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қаржылық ахуалы тұрақсыз. Банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қорландыру көздеріне қол жетімділігі жүйелі емес. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым нарықтағы құбылмалылықты қоса алғанда, ішкі және сыртқы факторлардың қандай болса да жағымсыз әсерін дербес еңсеруге қабілетсіз. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктің капиталдануына әсерін тигізетін сот процесстеріне қатысады. Банк - банктік емес ұйым пайдаланатын тәуекелді басқару тәсілдері банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қызметіне тән тәуекелдердің көлеміне, күрделілігіне және түрлеріне қатысты барабар болып табылмайды. Банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кемшіліктері бар, оларды банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым дербес жоюға қабілетсіз. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеуге қабілетсіз; жүйелі 12 айдың ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді әлсін-әлсін бұзады, активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының күрт нашарлауы байқалады.	
	Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәндері жағымсыз.	Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәндері жағымсыз.
5) өте қиын	Банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қаржылық ахуалы жүйелі 12 айдың ішінде нашарлады және/немесе банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым консервациялау режимін/ қайта құрылымдау немесе тарату процесін өтуде. Банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қорландыру көздеріне қол жетімділігі жоқ. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым нарықтағы құбылмалылықты қоса алғанда, ішкі және сыртқы факторлардың қандай болса да жағымсыз әсерін дербес еңсеруге қабілетсіз. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым банктің капиталдануына әсерін тигізетін сот процесстеріне қатысады. Банк - банктік емес ұйым пайдаланатын тәуекелді басқару тәсілдері банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қызметіне тән тәуекелдердің көлеміне, күрделілігіне және түрлеріне қатысты барабар болып табылмайды. Банк/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеуге қабілетсіз; жүйелі 12 айдың ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді үнемі бұзады, активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының нашарлауы байқалады.	
	Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәндері теріс.	Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәндері теріс.

2-2-кесте. Қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) - заңды тұлғаның, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның қаржылық ахуалын бағалауға арналған критерийлер

Қаржылық ахуалының бағасы	қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) - заңды тұлға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға	қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) инвестициялық қарыздарды және олармен байланысты шартты міндеттемелерді жіктеу кезінде
---------------------------	--	--

1) тұрақты	<p>қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы тұрақты; қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) төлеуге қабілетті; ақша ағындары борышқа қызмет көрсетуге мүмкіндік береді; бизнесінің дамуына нарықтық жағдайлары қолайлы, нарықтағы бәсекелестік позициялары жақсы; ресурстарға және капитал нарығында еркін қол жеткізе алады, жеткізушілердің шектеулі санына тәуелді емес, шарттың қолданыста болу мерзімі ішінде қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын айтарлықтай нашарлауына әкелетін сыртқы және ішкі факторлар анықталмаған; қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өз міндеттемесі бойынша банкпен есеп айырысу мүмкіндігі күмән туғызбайды; қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) активтері мен міндеттемелерін мерзімдері бойынша салыстыруға келеді; қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) жағымды кредиттік тарихы бар:</p>	
	<p>әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні жағымды;</p>	<p>әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәндері жалпы қабылданған нормалар шегінде;</p>
2) қанағаттанарлық	<p>осы санаттағы қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы «тұрақты» санатының сипаттамасына жақын, бірақ оны осы деңгейде ұзақ уақыт бойы ұстап тұру ықтималы төмен; динамикада ақша ағындарының шамалы азайғаны байқалады, ағындар борыштың негізгі бөлігін өтеуге мүмкіндік береді; қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін шаралар қабылдайды; тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің және қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өнімін тұтынушылардың шоғырлануы тәуекелдері мейілінше аз; қосымша ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігінің болуына байланысты қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) банкпен өз міндеттемесі бойынша есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды.</p>	
	<p>кірістер деңгейінің төмендеуі байқалады;</p>	<p>кредит берудің басынан бастап кірістерінің, төлем қабілеттілігінің, шығындарының деңгейі борышкердің бизнес- жоспарында көзделген деңгейде;</p>

<p>3) қанағат-танарлықсыз</p>	<p>мына факторлардың бірінің болуына байланысты қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өз міндеттемелері бойынша банкпен есептесе алмауы ықтималы бар:</p> <p>қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалының қалыпты және елеулі нашарлауының белгілері бар; өткен кезеңдегі шығындарының динамикадағы өсуі кем дегенде он екі ай құрайды; Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні жағымсыз, төлем қабілеттілік деңгейі төмен; қарыз қаражатына тәуелділігі жоғары; нарықтық үлесі төмендейді, қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) қаржылық ахуалын тұрақтандыру үшін қабылдайтын шараларының тиімділігі сенімсіздік туғызады; қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалының нашарлауына байланысты бұрын берілген қарызды өтеу мақсатында қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) қарыз беру;</p>	<p>осы санаттағы қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы «тұрақты» санатының сипаттамасына жақын, бірақ оны осы деңгейде ұзақ уақыт бойы ұстап тұру ықтималы төмен; кредит берудің басынан бастап кірістері, төлем қабілеттілігі және шығындары деңгейінің борышкердің бизнес-жоспарында көзделген деңгейден шамалы жағымсыз ауытқуы бар; динамикада ақша ағындарының шамалы азаюы байқалады, бұл ретте ағындар борыштың негізгі бөлігін өтеуге мүмкіндік береді; қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін шаралар қабылдайды; тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің және қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өнімін тұтынушылардың шоғырлануының ең төменгі тәуекелі бар;</p> <p>қосымша ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігінің болуына байланысты қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) банкпен өз міндеттемесі бойынша есеп айырысу мүмкіндігі күмән туғызбайды;</p>
	<p>қарыз алушыда (борышкерде, тең қарыз алушыда) мерзімі өткен міндеттемесі және (немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюронның анықтамасымен расталған басқа банктерден алынған қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ, осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары (№ 2 картотека) бар. қоса алғанда тоқсанына бір ретке дейін (және одан жиі) өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына (қоса алғанда) бір ретке дейін өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп жылда бір рет өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде бір мерзімін ұзарту бар;</p>	

<p>4) тұрақсыз</p>	<p>осы санттағы қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы «қанағаттанарлықсыз» санатының сипаттамасынан мынадай факторлардың бірімен ерекшеленеді: қарыз алушы (борышкердің, тең қарыз алушының) Әдістемеде белгіленген барлық көрсеткіштерді бұзған; қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) 1 жылдан аспайтын мерзімге санация жарияланған</p>	<p>мына факторлардың бірінің болуы салдарынан қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өз міндеттемелері бойынша банкпен есептесе алмау ықтималы бар: қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалының қалыпты және елеулі нашарлауы белгілері бар; кредит берудің басынан бастап кірістері, төлем қабілеттілігі және шығындары деңгейінің борышкердің бизнес-жоспарында көзделген деңгейінен елеулі, жағымсыз ауытқулары бар және бизнес-жоспардың іске асырылуына әсерін тигізуі мүмкін; нарықтық үлесі төмендейді, қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) қаржылық ахуалын тұрақтандыру үшін қабылдайтын шараларының тиімділігі сенімсіздік туғызады; қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) 1 жылдан аспайтын мерзімге санация жарияланған</p>
	<p>қарыз алушыда (борышкерде, тең қарыз алушыда) мерзімі өткен міндеттемесі және (немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюроның анықтамасымен расталған басқа банктерден алынған қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ, осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары (№ 2 картотека) бар; қоса алғанда тоқсанына бір ретке дейін (және одан жиі) өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, әр тоқсаннан бастап жылына (қоса алғанда) бір ретке дейін өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп жылда бір рет өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін ұзарту бар;</p>	

<p>5) өте қиын</p>	<p>мына факторлардың бірінің болуына байланысты қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өзінің міндеттемелері бойынша банкпен есептесе алмайды:</p> <p>қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) қызметін жүзеге асырмайды, оның ағымдағы банк шоттарында және кассада оның қызметінің нәтижесін көрсететін ақша қаражатының айналымы жоқ (қарыз қаражатын және қаржылық көмекті пайдаланумен байланысты айналымдарды қоспағанда); қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық есептілігінде (оның ішінде басқарушылық есебінде) елеулі айырмашылықтар бар және (немесе) банктің уәкілетті бөлімшесі Әдістемеге сәйкес жасаған қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын талдау бойынша қорытындысы және қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық есептілігі (оның ішінде басқарушылық есептілігі) арасында елеулі айырмашылығы бар және жалпы алғанда қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалаудың және оны есептеуге пайдаланылатын көрсеткіштерінің дәйектілігі күмән туғызады, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4602 болып тіркелген, «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысымен (бұдан әрі - № 49 қаулы) бекітілген Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінің талаптарына сәйкес жүргізілетін кредиттік мониторинг бойынша құжаттамасы жоқ;</p>	<p>қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалының жүйелі нашарлауы өте қиын деңгейге жетті:</p> <p>қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) кредиттік досьесі жоқ;</p>
	<p>қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) төлеуге қабілетсіз; қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) банкрот деп танылды; қарыз алушыға (борышкерге, тең қарыз алушыға) 1 жылдан асатын мерзімге санация жарияланды; қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) материалдық шығынға әкелген және (немесе) оған өзінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайға ұшырады; нарықтық позициясын жоғалтып алды; бүкіл кредит беру мерзімі ішінде үш және одан көп мерзімін ұзарту бар.</p>	

Қосымша талаптар	<p>Кредиттік досьеде Әдістемеге сәйкес қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау туралы ақпарат, банк осы қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) бойынша белгілеген мониторинг кезеңі аяқталғаннан кейінгі 2 (екі) ай ішінде № 49 қаулыға сәйкес Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінің талаптарына сәйкес жүргізілетін кредиттік мониторинг бойынша құжаттама болмаған жағдайда, осындай қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалының бағасы бір санатқа төмендетіледі. Жоғарыда көрсетілген ақпарат 3 (үш) және одан көп ай болмаған кезде осындай қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы өте қиын деп бағаланады.</p>	
------------------	---	--

2-3-кесте. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарыз алушының (тең қарыз алушының) - жеке тұлғаның қаржылық ахуалын бағалауға арналған критерийлер

Қаржылық ахуалының бағасы	Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша қарыз алушы - жеке тұлға	Басқа да қарыздар бойынша кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарыз алушы - жеке тұлға
1) тұрақты	<p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау қарыз алушының қарыз бойынша төлемдерді жүйелі түрде және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан жүргізіледі, қарыз алушы (тең қарыз алушы) оның кірістері мен шығыстарының, төлем қабілеттілігінің және оның кредиттік тарихының талдамасына сәйкес қарызды уақтылы және толық көлемде өтеуге қабілетті;</p> <p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) білімінің деңгейі, кәсіби тәжірибесі, экономиканың тұрақты дамуы және әлеуметтік рентабельді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды; ай сайынғы жиынтық кірістері сомасына (қарыз алушының (тең қарыз алушының) жеке табыс салығы және зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің жалпы сомасының (қарыз, мүлік салығы бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру, шарт бойынша жауапкершілік бойынша ай сайынғы төлемдерді, шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жүйелі міндетті төлемдерді қоса алғанда) қатынасы:</p> <p>40 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері кредитті беру және (немесе) еңбек қызметінің орнын өзгерту сәтінде қолданылатын заңнамалық актіге сәйкес белгіленетін 40 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі - АЕК) дейін болғанда;</p> <p>50 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>60 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан аспайды, осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасаған кезде қарыз алушының (тең қарыз алушының) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің кем дегенде 15 АЕК болуы, басқа өңірлерде кем дегенде 10 АЕК болуы, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем емес болу шартымен, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен артық болған кезде;</p>	
	қарыз алушыда тұрғын үйге бастапқы жарнаны төлеуге, сондай-ақ, сатып алу- сату мәмілесін жасаумен және ипотекалық тұрғын үй қарызын берумен байланысты шығыстарды өтеу үшін қажетті ақша қаражатының жеткілікті болуы;	Қарыз алушыда (тең қарыз алушыда) қарызды өтеу үшін қажетті ақша қаражатының жеткілікті болуы;

2) қанағат-танарлық	<p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау қарыз бойынша төлемдерді жүйелі және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан жүргізіледі, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің уақытша нашарлағанын көрсететін белгілер бар, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кредиттік тарихы жоқ;</p> <p>қарыз шартының қолданылу мерзімі ішінде қарыз алушының (тең қарыз алушының) төлем қабілеттілігін уақытша нашарлатуы мүмкін факторлар анықталды, бірақ олар елеусіз; бұл ретте, қарыз алушы (тең қарыз алушы) төлем қабілеттілігін төмендететін уақытша факторларды жеңуге және қарыз бойынша өз міндеттемелері бойынша есептесуге қабілетті екеніне сенімділік бар;</p> <p>экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;</p> <p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) білімінің деңгейі, кәсіби тәжірибесі, экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды; ай сайынғы жиынтық кірістері сомасына (қарыз алушының (тең қарыз алушының) жеке табыс салығы және зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің жалпы сомасының (қарыз, мүлік салығы бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру, шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жүйелі міндетті төлемдерді қоса алғанда) қатынасы:</p> <p>50 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>60 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан көп, осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасаған кезде қарыз алушының (тең қарыз алушының) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің кем дегенде 15 АЕК болуы, басқа өңірлерде кем дегенде 10 АЕК болуы, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем болмау шартымен, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен артық болған кезде;</p>
---------------------	--

3) қанағат-танарлық	<p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау қарыз бойынша төлемдерді жүйелі және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан жүргізіледі, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің уақытша нашарлағанын көрсететін белгілер бар, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кредиттік тарихы жоқ;</p> <p>қарыз шартының қолданылу мерзімі ішінде қарыз алушының (тең қарыз алушының) төлем қабілеттілігін уақытша нашарлатуы мүмкін факторлар анықталды, бірақ олар елеусіз; бұл ретте, қарыз алушы (тең қарыз алушы) төлем қабілеттілігін төмендететін уақытша факторларды жеңуге және қарыз бойынша өз міндеттемелері бойынша есептесуге қабілетті екеніне сенімділік бар;</p> <p>экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;</p> <p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) білімінің деңгейі, кәсіби тәжірибесі, экономиканың тұрақты дамудағы және әлуетті рентабелді секторындағы жүйелі жұмыспен қамтылғандығы клиенттің өз міндеттемесі бойынша банкпен есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;</p> <p>ай сайынғы жиынтық кірістері сомасына (қарыз алушының (тең қарыз алушының) жеке табыс салығы және зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің жалпы сомасының (қарыз, мүлік салығы бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру, шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жүйелі міндетті төлемдерді қоса алғанда) қатынасы:</p> <p>50 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>60 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65-тен 90 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан көп, осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасаған кезде қарыз алушының (тең қарыз алушының) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің кем дегенде 15 АЕК болуы, басқа өңірлерде кем дегенде 10 АЕК болуы, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем болмау шартымен, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 90 АЕК-тен артық болған кезде;</p> <p>қарыз алушыда (тең қарыз алушыда) мерзімі өткен міндеттемесі және (немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюроның анықтамасымен расталған басқа банктерден алынған қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ, осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары (№ 2 картотека) бар. Егер тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша қарыз сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюроның анықтамасымен растау талабы жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қолданылмайды;</p> <p>қоса алғанда тоқсанына бір ретке дейін (және одан жиі) өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, тоқсан сайыннан бастап жылына (қоса алғанда) бір ретке дейін өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп жылда бір рет өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде бір мерзімін ұзарту бар;</p>
---------------------	---

4) тұрақсыз	<p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау қарыз бойынша төлемдерді жүйелі және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан жүргізіледі, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің жүйелі және елеулі нашарлағанын көрсететін белгілер бар, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кредиттік тарихы жоқ;</p> <p>рентабелділік деңгейі тұрақсыз секторында жұмыспен қамтылуы немесе еңбек қызметінің тұрақсыздығы, кәсіпкерлік қызметінен басқа кіріс көздері болмаған кезде ағымдағы инфляция қарқының ескергенде қарыз алушының (тең қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің төмендеуі;</p> <p>ай сайынғы жиынтық кірістері сомасына (қарыз алушының (тең қарыз алушының) жеке табыс салығы және зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің жалпы сомасының (қарыз, мүлік салығы бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру, шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жүйелі міндетті төлемдерді қоса алғанда) қатынасы:</p> <p>60 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40-тан 65 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан көп, осы көрсеткіштерге сәйкес барлық міндеттемелер бойынша төлем жасаған кезде қарыз алушының (тең қарыз алушының) отбасының әрбір мүшесіне келетін кіріс Астана мен Алматы қалаларында кірістің кем дегенде 15 АЕК болуы, басқа өңірлерде кем дегенде 10 АЕК болуы, ал жасы 15-ке толмаған балалар үшін - көрсетілген мөлшерлердің жартысынан кем болмау шартымен, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 65 АЕК-тен артық болған кезде;</p> <p>қарыз алушыда (тең қарыз алушыда) мерзімі өткен міндеттемесі және (немесе) шығынға жазылған борыштары (кредиттік бюроның анықтамасымен расталған басқа банктерден алынған қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі, сондай-ақ, осы банкте мерзімінде төленбеген төлем құжаттары (№ 2 картотека) бар. Егер тәуекелді бағалау күніне негізгі борыштың қалдығы бойынша қарыз сомасы банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аз болса, кредиттік бюроның анықтамасымен растау талабы жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қолданылмайды;</p> <p>қоса алғанда тоқсанына бір ретке дейін (және одан жиі) өтеу кестесі кезінде соңғы он екі ай ішінде, тоқсан сайыннан бастап жылына (қоса алғанда) бір ретке дейін өтеу кестесі кезінде соңғы жиырма төрт ай ішінде, бір жылдан бастап және одан да көп жылда бір рет өтеу кестесі кезінде соңғы отыз алты ай ішінде екі мерзімін ұзарту бар;</p>
	<p>Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша негізгі борыштың қомақты бөлігі ипотекалық тұрғын үй қарызды қамтамасыз етуге берілген жылжымайтын мүлікті немесе қарыз алушының өзге де жылжымайтын мүлкін сату есебінен ғана өтелуі мүмкін, қарыз алушының өз міндеттемелері бойынша банкпен есептесе алмауы ықтималы жоғары;</p>

5) өте қиын	<p>қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау қарыз бойынша төлемдерді жүйелі және уақтылы жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан жүргізіледі, қарыз алушының (тең қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің өте қиын деңгейге дейін жүйелі және елеулі нашарлағаны анықталды, кредиттік досьесі жоқ; қарыз алушының (тең қарыз алушының) кредиттік тарихы немесе қарыз алушының (тең қарыз алушының) төлем қабілеттілігі туралы өзге де ақпарат банк алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындалмағанын немесе қарыз алушының (тең қарыз алушының) төлем қабілетсіздігін дәлелдейді.</p> <p>еңбекпен қамтылуды немесе коммерциялық қызметін жоғалту немесе қарыз алушыға (тең қарыз алушыға) материалдық зиян әкелген не өзге коммерциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндік бермейтін факторлар анықталды, қарыз алушы (тең қарыз алушы) банкпен өз міндеттемелері бойынша есептесе алмау ықтималы жоғары;</p> <p>ай сайынғы жиынтық кірістері сомасына (қарыз алушының (тең қарыз алушының) жеке табыс салығы және зейнетақы жарналарын шегергенде) ай сайынғы міндеттемелерінің жалпы сомасының (қарыз, мүлік салығы бойынша ай сайынғы төлемдерді, жылжымайтын мүлікті сақтандыру, жеке сақтандыру, шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру бойынша ай сайынғы төлемдерді, шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жүйелі міндетті төлемдерді қоса алғанда) қатынасы:</p> <p>60 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-ке дейін болғанда;</p> <p>70 пайыздан аспайды, қарыз алушының (тең қарыз алушының) ай сайынғы кірісінің мөлшері 40 АЕК-тен артық болғанда;</p> <p>кредиттеу мерзімі ішінде үш және одан көп мерзімін ұзарту бар.</p>	
Қосымша талаптар	<p>Тең қарыз алушыны тартқан жағдайда осы жолда көрсетілген коэффициенттер қарыз алушының және тең қарыз алушының жиынтық кірістерінен және шығыстарынан есептеледі.</p>	<p>Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қарыз алушының - жеке тұлғаның қаржылық ахуалы қарыз беру сәтіне бағаланады.</p> <p>Күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімін өткен берешек пайда болған сайын қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау жүзеге асырылады. Бұл жағдайда қарыз алушының (тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалау әрі қарай ай сайынғы негізде мерзімі өткен берешекті толық өтегенге дейін жүзеге асырылады.</p>

Түсіндірмелердің 2-2, 2-3-кестелерінің критерийлері бойынша түсіндірмелер.

1. Қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалы директорлар кеңесі бекіткен әдістемеге (әдістемелерге) (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес бағаланады және банктің ішкі қағидаларына ажырамас толықтыру болып табылады.

Банк Әдістемені осы түсіндірмелерді ескере отырып, дербес әзірлейді және онда қаржылық ахуалды бағалаудың тәртібі, әдісі, мерзімділігі, тәсілдері, қажетті құжаттардың тізбесі және қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын айқындауға мүмкіндік беретін өзге де ақпарат қамтылады.

Әдістемеді саланың ерекшелерін, өндірістің мерзімділігін (циклдығын) қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) қызметінің саласын ескере отырып, есептелген мынадай негізгі көрсеткіштерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

төлем қабілеттілік - банктің Әдістемесінде белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай банк есептейтін қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) өз міндеттемелеріне қызмет көрсету қабілетін ашып көрсетеді;

қаржылық тұрақтылық - капитал құрылымын, кірістілік деңгейін динамикада соңғы күнтізбелік 3 жылға), рентабельділігін (динамикада), мерзімі өткен борыштардың болмауын (болуын), қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) капитал нарығына қол жетімділігін, банктің

Әдістемесінде белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай банк есептейтін қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржылық ахуалын бағалауға мүмкіндік беретін өзге де маңызды ақпараттың болуын ашып көрсетеді;

борышқа қызмет көрсету қабілеті, ақша ағындарының қозғалысы және олардың болжамы;

дебиторлық-кредиторлық берешктің құрамы және динамикасы (соңғы есепті және ағымдағы жылдарға);

өнімнің өзіндік құны (динамикада);

кредиттік тарих (бұрын кредиторлық берешекті өтеу, қолданыстағы қарыздардың болуы);

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қаржы топтарына және холдингтерге қатыстылығы;

бір (бірнеше) жеткізушіге және (немесе) тапсырыс берушіге тәуелді болуы;

қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) өзінің қаржылық ахуалын жақсарту үшін қабылдайтын шаралар;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) оның қаржылық ахуалын нашарлатуы мүмкін сот талқылауларына қатысуы;

қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) нарықтық позициясын, оның экономикадағы циклдық және құрылымдық өзгерістерге (саланы түрі, қарыз алушы (борышкер, тең қарыз алушы) дайындайтын тауарлардың (қызметтердің) тартымдылығын бағалау, осындай тауарлар (қызметтер) нарығы, қарыз алушының (борышкердің, тең қарыз алушының) қызметі саласындағы бәсекелестік деңгейі, нақты нарықта қызмет ету ұзақтығы) тәуелділігін сипаттайтын өзге де факторлар.

2) Жеке тұлғаларға мүлікті (жылжымалы, жылжымайтын) сатып алуға, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес қызметтерге ақы төлеуге берілген қарыздар бойынша негізгі борыштың қалдығы (жиынтығында емес) тәуекелдерді бағалау күніне банктерге арналған пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептелген банктің меншікті капиталының 0,02 пайызынан аспаса, мақсатқа пайдалануын растау талап етілмейді.

3) Мақсатсыз пайдаланған активтің үлесі әрбір банктік қарыз шарты, оның ішінде бір кредит желісі шеңберінде жасалған шарт бойынша жеке есептеледі.

12. Біртекті қарыздар портфеліне енгізілген қарыздардың, банктің заңды тұлғаның акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) инвестицияларының (салымдарының) және банктің портфеліндегі бағалы қағаздарының жіктеу санаты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған резервтерге (провизияларға) қарай 3-кестеге сәйкес айқындалады.

Егер біртекті қарыздар портфеліне кіретін қарыз бойынша негізгі борыштың қалдығы тәуекелді бағалау күніне 100 000 000 (бір жүз миллион) теңгеден немесе осы соманың шетел валютасындағы баламасына артық болса, онда осы қарыздың жіктеу санаты қосымша осы Түсіндірмелердің 11-тармағына сәйкес жеке негізде айқындалады және 4-жолда көрсетіледі.

3-кесте. Активтің жіктеу санатын анықтау

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) деңгейі, %-бен	Жіктеу санаты
0%	Стандартты
0,01 % - 5 %	1-санттағы күмәнді
5,01 % - 10 %	2-санттағы күмәнді
10,01 % - 20 %	3-санттағы күмәнді
20,01 % - 25 %	3-санттағы күмәнді
25,01 % - 50 %	5-санттағы күмәнді
50,01 % - 100 %	Үмітсіз

13. Мәліметтер болмаған жағдайда нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 249 қаулысына
9-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Қамтамасыз ету түрі бойынша қарыздар туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» «_____» жағдай бойынша

Индекс: ФС_ЗД

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі - ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

(банк атауы)

№	Қарыздар	Қазақстан Республикасының резиденттеріне қарыздар				Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қарыздар			Басқа банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздар			Барлығы						
		Оның ішінде шетел валютасында		Оның ішінде шетел валютасында		Оның ішінде шетел валютасында		Оның ішінде шетел валютасында		Оның ішінде шетел валютасында		Барлығы						
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12					
1	Қарыздар (жылжымайтын мүлікті кепілге салумен)																	
2	Салымды кепілге салумен қарыздар, оның ішінде:																	
2.1	кредит карточкалар бойынша берілген салымды кепілге салумен қарыздар																	
3	Кепілдікке және (немесе) кепілдемеге берілген қарыздар, оның ішінде:																	
3.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері																	
4	Басқа қамтамасыз етуге берілген қарыздар																	
5	Көп кепілді																	

(мың теңге)

6	Бланктік										
7	Қарыздар жиынтығы										
8	Анықтама үшін: Баланстан есептен шығарылған қарыздар	x	x	x	x	x	x	x	x		x

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде - оның орнындағы адам):

_____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы)

Бас бухгалтер:

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы)

Орындаушы:

_____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) _____ (қолы) _____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойған күн 20 ____ жылғы « ____ » _____.

мөр орны

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

Қамтамасыз ету түрі бойынша қарыздар туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмелер (бұдан әрі - Түсіндірме) «Қамтамасыз ету түрі бойынша қарыздар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері Нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан банктің несиелік портфелінің құрылымын қамтамасыз ету түрі бойынша және резиденттік белгісі, оның ішінде шетел валютасымен қарыздар бөлігінде ашады..

6. Нысанда мерзімі өткен берешек шотына шығарылған қарыздарды қоса алғанда (есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті қоспағанда) несиелік берешегі көрсетіледі.

7. 1-жолда жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген қарыздар көрсетіледі.

8. 2-жолда Салымды кепілге салумен берілген қарыздар, оның ішінде кредит картшалары бойынша берілген салымды кепілге салумен қарыздар көрсетіледі.

9. 4-жолда кепілдің бірнеше түрімен қамтамасыз етілген қарыздар көрсетіледі.

10. 5-жолда 1, 2, 3, 4, 6-жолдарда көрсетілмеген, басқа қамтамасыз етумен берілген қарыздар көрсетіледі.

11. 6-жолда кепілмен қамтамасыз етілмеген қарыздар көрсетіледі.

12. Басқа банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздардың сомасы 5, 6-бағандарда қамтамасыз ету түрі бөлігінде көрсетіледі.

13. Негізгі кепіл түрі мынадай түрде айқындалады:

1) егер кепілдің жалпы құнының 50% астамын жылжымайтын мүлік, салым немесе басқа қамтамасыз етулер құраса, онда мұндай қарыз Нысанның тиісті кепіл түрі жолында тиісті жолда көрсетіледі;

2) егер кепіл түрінің әрбір үлесі кепілдің жалпы құнының 50% аспайтын немесе оған тең болса, онда ондай қарыз 5-жолда көрсетіледі;

14. 8-жолда анықтама түрінде есепті кезеңде банктің балансынан есептен шығарылған қарыздар көрсетіледі.

15. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының № 249 қаулысының қорытынды бөлігі 4-ші Хабаршыда жарияланды (2014 жылғы 16-28 ақпан)

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пеныңғайлы интерфейссті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу жәнәтолтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)